

КОМПАНИЯ ҮШ НЕГІЗГІ БАҒЫТҚА НАЗАР АУДАРА ОТЫРЫП, ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА. АТАП АЙТҚАНДА, ОЛАР – ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОСПАРЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ, СОНДАЙ-АҚ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ. ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МӘСЕЛЕСІ – ТОП-МЕНЕДЖМЕНТ ПЕН БӨЛІМІСЕ БАСШЫЛАРЫ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ БАСЫМ БАҒЫТ.

Рамазан САДЫРҚҰЛОВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері



№86 (3125)  
17/10/2025

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ  
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

## ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫНА ҮНДЕУ

Қадірлі әріптестер!

Бүгінде «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ алдында бүкіл Еуразиялық транзиттің болашағын айқындайтын міндеттер тұр. Біз болат магистральдарды басқарып қана қоймай, еліміздің транзиттік әлеуетін күшейтіп, озық цифрлық технологияларды енгізіп, инфрақұрылымды ауқымды түрде жаңғыртудамыз. Алайда барлық экономикалық көрсеткіштер мен пайданың артында талқылауға жатпайтын құндылық – адам өмірі тұр.

Экономикалық көрсеткіштер адам өмірінен жоғары болмауы тиіс. Біздің компанияның басты құндылығы – біздің қызметкерлеріміз. Сондықтан еңбек қауіпсіздігі мен әрбір қызметкердің денсаулығы басты басымдық болып қала береді.

Бұл қағидат басқару стратегиясының негізінде жатыр. ҚТЖ-ның басты мақсаты – жарақаттануды болдырмау. Бұл жай ғана ұран емес, жүйелі тәсілді және әркімнің жеке қатысуын талап ететін қолжетімді міндет.

Біз, нәдік жарақат – әрбір қызметкер өзінің де, әріптестерінің де қауіпсіздігі үшін жеке жауапкершілікті сезінген жағдайда ғана мүмкін болатынына сенімдіміз. Ол үшін ҚТЖ құндылықтарды декларациялап қана қоймай, нақты тетіктерді енгізеді:

• **Қауіпті жұмысты тоқтат**

Осы қағидатты қолдану практикасын кеңейту әрбір қызметкерге, егер ол оны қауіпсіз емес деп санаса, тәртіптік сақтардан қорықпай, кез келген процесті тоқтатуға сөзсіз құқық береді. Бұл – өндірістегі өмірді қорғаудың ең қуатты кепілі.

• **Көшбасшылық және мотивация**

Барлық деңгейдегі басшылар өздерінің көшбасшылығын жеке үлгі және әділ мотивация арқылы нығайтады. Біз үздік әлемдік тәжірибені енгізіп, еңбек ұжымдарымен бірге қауіпсіздік мәдениетінің жалпы деңгейін арттырамыз.

• **Жүйелі оқыту, тәжірибе алмасу және тәлімгерлік**

Біз күш-жігерімізді қауіпсіздік саласындағы үздік тәжірибелерді, соның ішінде халықаралық әріптестермен белсенді ынтымақтастықты жүйелі түрде оқытуға және алмасуға бағыттаймыз. Тәлімгерлік институты енгізілуде. Қауіпсіздік – бұл үздіксіз жетілдіру процесі.

• **Тәуекелдер мониторингін дамыту**

Цифрландыруға және жасанды интеллект енгізуге бүгінгі инвестициялар тасымалды жеделдетуге ғана емес, бірінші кезекте персонал мен активтерді қорғауға да бағытталған.

Біздің мақсатымыз – темір жолды Еуразиядағы ең қауіпсіз, ең сенімді және ең тиімді көлік жүйесіне айналдыру.

Баршаның өзіндік және әріптестеріңізді сақтауға, кәсіби және қауіпсіз жұмыс істеуге шақырамын! Қауіпсіздікті қамтамасыз ету – бұл жай ғана нұсқауларды орындау емес. Бұл – өз отбасына, жақындарына және біздің Компанияның болашағына қамқорлықтың жоғары көрінісі.

Біз елдің көліктік қуатын нығайтуды жалғастырамыз, бірақ табыс тоннамен және триллиондармен емес, сақталған өмірмен өлшенетінін үнемі назарда ұстаймыз.

**Талғат АЛДЫБЕРГЕНОВ,**  
«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ  
басқарма төрағасы



Даурен КУТПАНБАЕВ

и.о. председателя правления  
АО «НК «Актауский международный морской торговый порт»»



СЕГОДНЯ ДЛЯ НАС КЛЮЧЕВЫМИ ОРИЕНТИРАМИ ОСТАЮТСЯ СКОРОСТЬ, СТОИМОСТЬ, СОХРАННОСТЬ, СЕРВИС И СТАБИЛЬНОСТЬ ПЕРЕВОЗОК. ЭТИ ПРИНЦИПЫ МЫ ЗАКЛАДЫВАЕМ И В СТРОИТЕЛЬСТВО КОНТЕЙНЕРНОГО ХАБА – ПРОЕКТА, КОТОРЫЙ ПОДНИМЕТ ЛОГИСТИКУ КАЗАХСТАНА НА НОВЫЙ УРОВЕНЬ, ОБЕСПЕЧИВ СОВРЕМЕННЫЙ СЕРВИС И ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ДЛЯ СТРАН КАСПИЯ И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ



## ҚАЗАҚ-ГРУЗИН ҚАТЫНАСЫ: ЭКСПОРТТЫ АРТТЫРУҒА МҮДДЕЛІ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «Грузин темір жолы» АҚ арасында жүк тасымалын арттыруды талқылаған дөңгелек үстелге грузин терминалдары мен порттары өкілдері және қазақстандық жүк жөнелтушілер қатысты.

Кездесу ынтымақтастықты дамытуға және Грузия бағытындағы тасымалдардың тиімділігін арттыруға бағытталған ашық және сындарлы диалог форматында өтті.

Талқылаудың негізгі тақырыбы экспорттық тасымалдарды ұйымдастыру, жүк ағындарын болжау, сондай-ақ теміржол әкімшіліктері мен жүк жөнелтушілер арасында тұрақты және жүйелі кері байланыс құру мәселелері болды.

Дөңгелек үстелге осы бағыттағы мұнай мен мұнай өнімдерін, қара және түсті металдарды, астық жүктерін және басқа да өнімдерді жөнелтуді жүзеге асыратын ірі қазақстандық экспорттаушылар қатысты. Спикерлер Грузия бағытындағы тасымалдар Қа-

зақстанның логистикалық жүйесінде, оның ішінде ТХКБ желісі бойынша ерекше орын алатынын атап өтті.

Отандық жүк жөнелтушілер ашық диалог форматында өткен шараны жоғары бағалап, мұндай алаң ҚТЖ мен ГТЖ және грузин терминалдарының өкілдеріне өздерін толғандырған сұрақтарды тікелей қоюдың нақты мүмкіндігіне айналғанын атап өтті. Қатысушылар ашықтық пен жедел кері байланыстың маңыздылығын жеткізіп, ұйымдастырушыларға сындарлы талқылау және өзекті мәселелерді бірлесіп шешуге дайындығы үшін алғыс білдірді. Мұндай кездесулер, жүк иелерінің пікірінше, сенімді нығайту, логистикалық процестерді

жақсарту және қазақстандық экспорттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қуатты құрал болып табылады.

Айта кету керек, осы жылдың 9 айында Қазақстан мен Грузия арасындағы жүк тасымалдау көлемі шамамен 2,85 млн тоннаны құраған, оның ішінде Грузия аумағы арқылы экспорттық қатынаста 2,1 млн тоннадан асады. Бұл көрсеткіштер қазақстандық жүк жөнелтушілердің Грузия арқылы өтетін маршруттарға деген тұрақты қызығушылығын көрсетеді. Әсіресе қазақстандық астық пен түсті металдар тасымалының айтарлықтай өсімі байқалады.

Алуа ТЛЕУБАЙ

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## Актуально



## НОВЫЕ ЛОКОМОТИВЫ ДЛЯ ЖАНААРКИНСКОГО ДЕПО

В Жанааркинском эксплуатационном локомотивном депо состоялось знаменательное событие в истории железных дорог – презентация новых современных локомотивов СКД65S.



Светлана МОГАЙ,  
Жанаарка


В мероприятии приняли участие директор департамента локомотивного хозяйства ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Константин Цой, аким Жанааркинского района Улытауской области Канат Кожукаев, первый заместитель директора Карагандинского отделения магистральной сети по операционной работе Шакарим Жуматаев, а также ветераны железнодорожной отрасли.

По словам Константина Цоя, тепловоз СКД65S – это маневровый локомотив, произведенный китайской компанией CRRC Ziyang по заказу АО «НК «Қазақстан темір жолы».

– Локомотив оборудован системой безопасности движения «Борт» с видеонаблюдением и цифровыми радиостанциями РЛСМ-10. Он полностью соответствует стандартам Евразийского экономического союза, – отметил он.

Инициатором обновления локомотивного парка выступил генеральный директор ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Асан Умбетов, лично посетивший Китай для ознакомления с новыми моделями маневровых тепловозов. Несмотря на отсутствие на мероприятии, он передал в дар уменьшенную модель локомотива – символ достатка и процветания. По его рекомендации сувенир будет передан в Музей истории Карагандинского отделения Целинной железной дороги.

## ПОЙЫЗДАР ҚЫСҚА ДАЙЫН БА?



ЖОЛАУШЫ  
ТАСЫМАЛЫ



Ұлан ОРАЗ,  
Астана

Қазіргі уақытта компания паркінде 2188 вагон бар: оның ішінде 1317 – стандартты, 732 – Talgo пойыздары, 108 – электр-дизельді вагондар. Барлық жылжымалы құрам кезең-кезеңімен қысқы пайдалану талаптарына сәйкес дайындықтан өтуде.

Әрбір пойызда жылыту жүйелерінің үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін тексеру мен сынақ жүргізіледі. Салон-

дағы қолайлы температураны сақтау мақсатында желдету жүйелері диагностикадан өткізіледі. Есік пен терезелердің герметикалығы қадағаланып, қажет болған жағдайда резеңке тығыздағыштар ауыстырылады.

Төмен температура мен қарлы боран жағдайында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тежеу жүйесіне ерекше көңіл бөлінеді: барлық қозғалыс бөлшектері майланып, катудың алдын алу шаралары жүргізіледі. Пойыздардың

сыртқы элементтері қар мен мұз жиналмауы үшін тазаланып, тексеруден өтеді.

Компанияның техникалық парктерінде тәулік бойы жоспарлы тексерулер ұйымдастырылған: вагондардың жүріс бөлшектері мен асты қаралады, кузовтары жуылады, тораптары тазаланады, тығыздағыштар ауыстырылып, анықталған ақаулар дер кезінде жойылады. Әр рейс алдында вагондар толық санитарлық және дезинфекциялық өңдеуден өтеді. Барлық беттер

мұқият тазартылады, ал дезинфекция санитарлық талаптарға сәйкес арнайы құралдармен жүргізіледі.

Пойыз бригадалары да қысқы кезеңге дайындалуда. Қызметкерлер қысқы формаға көшіп, қажетті құралдармен қамтамасыз етіледі. Әрбір сапар алдында олар міндетті медициналық тексеруден өтеді. Сондай-ақ персоналға еңбек қауіпсіздігі, алғашқы медициналық көмек көрсету және қызметтік этика бойынша тұрақты нұсқаулықтар өткізіледі.

Барлық дайындық жұмыстары аяқталған соң арнайы комиссия тексеріс жүргізіп, жылжымалы құрамның қысқы маусымда сенімді әрі қауіпсіз жұмысқа толық әзірлігін растайды.

## ОБРАЩЕНИЕ К ТРУДОВЫМ КОЛЛЕКТИВАМ

Уважаемые коллеги!

Сегодня перед АО «НК «Қазақстан темір жолы» стоят задачи, определяющие будущее всего Евразийского транзита. Мы не просто управляем стальными магистралями – мы усиливаем транзитный потенциал страны, внедряем передовые цифровые технологии и масштабно модернизируем инфраструктуру. Однако за всеми экономическими показателями и прибылью стоит одна, не подлежащая обсуждению, ценность – человеческая жизнь.

Экономические показатели не могут быть выше человеческой жизни. Главная ценность нашей компании – наши сотрудники. Поэтому приоритетом остаются безопасность труда и здоровье каждого работника.

Этот принцип лежит в основе стратегии управления. Главная цель ҚТЖ – исключить травматизм. Это не просто лозунг, а достижимая задача, требующая системного подхода и личной вовлеченности каждого.

Мы убеждены, что нулевой травматизм возможен только при условии, что каждый сотрудник чувствует личную ответственность за безопасность – как свою, так и коллег. Для этого ҚТЖ не просто декларирует ценности, а внедряет конкретные механизмы:

• **Стоп небезопасной работе**

Расширение практики применения этого принципа дает каждому работнику безусловное право останавливать любой процесс, если он считает его небезопасным, без страха дисциплинарных последствий. Это самая мощная гарантия защиты жизни на производстве.

• **Лидерство и мотивация**

Руководители на всех уровнях укрепляют свое лидерство через личный пример и справедливую мотивацию. Мы внедряем лучшие мировые практики и повышаем общий уровень культуры безопасности совместно с трудовыми коллективами.

• **Системное обучение, обмен опытом и наставничество**

Мы направляем усилия на системное обучение и обмен лучшими практиками в сфере безопасности, включая активное сотрудничество с международными партнерами. Внедряется институт наставничества. Безопасность – это непрерывный процесс совершенствования.

• **Развитие мониторинга рисков**

Сегодняшние инвестиции в цифровизацию и внедрение искусственного интеллекта направлены не только на ускорение перевозок, но и в первую очередь на защиту персонала и активов.

Наша цель – сделать железную дорогу самой безопасной, самой надежной и самой эффективной транспортной системой в Евразии.

Призываю всех беречь себя и своих коллег, работать профессионально и безопасно! Ведь забота о безопасности – это не просто выполнение инструкций. Это высшее проявление заботы о своей семье, близких и будущем нашей компании.

Мы продолжим укреплять транспортную мощь страны, но всегда будем помнить: успех измеряется не тоннами и триллионами, а сохраненными жизнями.

**Талғат АЛДЫБЕРГЕНОВ,**  
председатель правления  
АО «НК «Қазақстан темір жолы»

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

АҚТАУ ПОРТЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ҚҰАТЫ

12 млн тоннадан

АСАДЫ.

ҚЫТАЙ – ЕУРОПА БАҒЫТЫ  
БОЙЫНША ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ  
БІР ЖЫЛДА

65%

ӨСТІ.

2030 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ДОСТЫҚ-  
МОЙЫНТЫ БАҒЫТЫНДАҒЫ  
КОНТЕЙНЕРЛІК ПОЙЫЗДАРДЫҢ  
ЖЫЛДАМДЫҒЫ ТӘУЛІГІНЕ

1500 км

БОЛАДЫ.



## АЛҒЫС ХАТ ЖОЛДАНДЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Қызылорда



МЕРЕЙ

«...Еңбек қауіпсіздігін сақтай отырып өміріңізді қорғаңыз, еңбек ете жүріп отбасыңызды қорғаңыз. Сіз отбасыңызға керексіз!» деген жүрекке жылы сөздермен басталатын алғыс хат теміржолшыларға жеткізілді.

Теміржолшы – күн сайын сапарға аттанған әр пойыздың қауіпсіздігіне жауап беретін тұлға. Ол – тек теміржол маманы емес, бір отбасының қорғаны, бала-шағаның сүйікті әкесі, ананың үміті, жұбайының сенімі. Осындай салмақты еңбекті арқалаған теміржолшының артында әрдайым мызғымас тірек – оның отбасы тұрады. Осыны терең түсінген компания басшылығы теміржолшылардың отбасына арналған алғыс хат жолдауды ұйғарды.

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры Ербол Сәулебеков теміржолшылардың отбасын жинап, Магистральдық желі дирекциясының директоры С.Рахметовтің алғыс хатын табыстап, әр теміржолшының отбасы мүшелеріне ілтипат көрсетті, оларға кәсіподақ ұйымы тарапынан естелік сый-сияпаттар табыс етілді.

Кәсіподақ ұйымының төрайымы Салтанат Махмұтова: «Теміржол саласында аянбай еңбек етіп жүрген жандарға отбасының, жұбайларының түсінігі мен қолдауы ауадай қажет. «Сақ бол, аман бол, біз сені күтеміз!», «Балалардың қуанышын бірге көрейік, болашақты бірге құрайық!» деген жылы сөз, тілек күнде емес, түзде көп жүретін теміржолшыға үлкен күш пен қолдау беретіні талас тудырмайды», – дейді.

Суретті түсірген автор



## 417 ШҰҒЫЛ ТЕЖЕУ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,  
Атырау



АЙЛЫҚ

Қыркүйектің 1-30 аралығында «Шара қабылда – өміріңді сақта» айлығы жарияланды. Осы айлық кезінде алынған барлық шараларға қарамастан жағдай қиын дейді теміржолшылар.



Темір жолдағы белгіленбеген жерден өту, жол бойында жайбарақат жүру, көлік иелері өткелдерден өтуде қауіпсіздікті сақтамау, пойыз жақындап қалса да мал иелерінің малды жолдан тезірек әрі өткізуге тырысуы (ол үшін әкімшілік айыппұл салынатыны ескертілсе де) тыйылмай отыр. Жыл басынан бері еліміздегі темір жолдарда адам басудың 45 жағдайы тіркеліп, 26 адам қайтыс болған, 21 адам мергіткен, оның ішінде балалар да бар. Осы жылдың 8 айында Атырау жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты локомотив шаруашылығының машинистері адам мен мал басудан сақтанып, 417 шұғыл тежеу жасауға мәжбүр болған. Бұл темір жолға үлкен зиян, шығын келтіретін құбылыс екені аян.

Сондай-ақ Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің қозғалыс қауіпсіздігін сақтау қызметінің бастығы Фарид Қазжанованың мәліметінше, бөлімше бойынша «Әскерилендірілген теміржол күзеті» және Атырау станциясы желілік полиция бөлімімен бірге бөгде адамдардың теміржол бойында жүруін қадағалау бойынша 287 бірлескен рейд жүргізілген. Нәтижесінде белгіленбеген орында жүргені үшін 87 адамға, ал станциялық жолға малды бақылаусыз жібергені үшін 7 адамға ескерту беріліп, әкімшілік хаттама толтырылған. Әрине, мұның бәрі – темір жолда қозғалыс қауіпсіздігін сақтау және адам өмірін оқыс қауіптен сақтау үшін жасалып жатқан шаралар.

Суретті түсірген автор

## Хабарландыру

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Ақмола магистральдық желі бөлімшесі» филиалының Нұрлы жол вокзал кешені 2025 жылғы қазанның 27-сінде бірыңғай оператор үшін Нұрлы жол теміржол вокзал кешенінің тұрақ аймағын жалға беру бойынша конкурс өткізілетінін хабарлайды.

Барлық ақпарат «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының [www.railways.kz](http://www.railways.kz) сайтында «Теміржол вокзалдарындағы алаңдар мен үй-жайларды мүлктік жалға беру (жалға алу) тәртібі» бөлімінің «Инфрақұрылым» тармақшасында көрсетілген.

Барлық сұрақтар бойынша келесі телефондарға қоңырау шалыңыз: 8 (7172) 61-44-40, 61-44-44, 8 (775) 972 – 75 – 13.

## ТҮБЕККЕ СУ ЖАҢА ТЕПЛОВОЗДАР КЕЛДІ




ИГІЛІК

Шахида ЖҰМАН,  
Маңғыстау

Бәйгеге түсуге дайындалып бабына жеткен тұлпардай жасанған ТЭ36А сериялы №8001, №8002 тепловоздардың тұсауы кесіліп, салтанатты түрде Маңғыстау локомотив депосының паркіне қабылданды.

Астанадан арнайы келген қонақтар қатарында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас инженері Марлен Көкрекбаев, Локомотив шаруашылығы департаментінің директоры Константин Цой, Локомотив шаруашылығы департаментінің бас инженері Арман Садықов түбек теміржолшыларының қуанышына ортақтасып, Компанияның тек Маңғыстауда ғана емес, өзге де өңірлерде локомотив паркін жаңарту бағытында ауқымды жұмыс жүргізіп жатқанын жеткізді. Күні кеше Қарағандының Жаңарқа паркі де су жаңа локомотивпен толыққаны сөз болды.

Белгілі болғандай, су жаңа тепловоздар күні ертең-ақ жолға шығып, 10 күндік сынақпен жүреді. Талаптардан сүрінбей өтсе, 11-күні хаттама жүзінде шешім қабылданып, толықтай эксплуатацияға рұқсат беріледі. Сынақты «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Локомотив шаруашылығы департаментінің бас маманы Иван Костыря мен тепловоз



машинисі Саламат Жаманбаев, машинист нұсқаушы Жұмабек Аселов бірлесе жүргізеді. Тепловоздар алғашқы сынақ сапарын Маңғыстау – Бейнеу тәлімі аралығында өтеді. Нәтижесі жақсы көрсеткішті көрсетсе, Маңғыстау локомотив пайдалану депосы болашақта тағы да осы сериядағы 20 тепловоз алуы жоспарланған.

– Бұл ТЭ36А сериялы тепловоздар 2024 жылдың қазан айында Қытайдың CRRC Dalian Co Ltd компаниясында өндірілген. Аталған тепловоздың өзге тепловоздардан артықшылығы – іштен жану қозғалтқыш күшінің көптігімен дөңгелек жұбының үлкендігі. Яғни қарапайым тепловоздардың іштен жану қозғалтқыш күші 3300 кВт болса,



жаңа сериялы тепловоздың іштен жану қозғалтқыш күші – 3600 кВт. Қарапайым тепловоздардың дөңгелек жұптарының диаметрі 1050 мм болса, жаңа сериялы тепловоздың дөңгелек жұптарының диаметрі – 1250 мм. Тепловоздардың басқару кабиналары толықтай ауа салқындатқышпен жабдықталған, кабинада тоңазытқыш пен қысқатолқынды пештер орнатылған, – деп сипаттама берді Маңғыстау локомотив депосының жөндеуді бақылау бөлімі бастығы Сәбит Зияев.

ТЭ36А сериялы жаңа тепловоздарды басқару үшін түбек машинистері алдын ала Балқаш депосында оқып келген.

Суреттерді түсірген автор

## АВТОМАТТАНДЫРУ ПРОЦЕСІ ҮЗДІКСІЗ ЖҰРУДЕ

Ақтөбе локомотив пайдалану депосы – еліміздің теміржол жүйесіндегі ірі өндірістік нысандардың бірі. Мұнда пойыздар қозғалысын тәулік бойы қамтамасыз ететін 700 жуық адам еңбек етеді. Соңғы жылдары кәсіпорында өндірістік жаңғыру мен цифрлық технологиялар енгізу кеңінен белең алып, жұмыс сапасы жаңа деңгейге көтерілді.

Ардақ ЕРУБАЕВА,  
Ақтөбе

Ақтөбе локомотив пайдалану депосының бас инженері Бақытқали Джанесовтің айтуынша, бүгінде депода 103 тепловоз бар, оның 80 пайызы – жаңа үлгідегі локомотивтер. Олар кондиционермен, жылыту жүйесімен, заманауи басқару панельдерімен жабдықталған. Бас инженердің негізгі міндеті – локомотивтердің техникалық жағдайы мен жөндеу сапасын қадағалау.

– Президент тапсырмасына сәйкес теміржол саласында цифрландыру белсенді жүргізілуде. Ақтөбе депосында бүгінгі таңда тепловоздардың 70-80 пайызы автоматты басқару жүйесіне көшті. Машинист тек бақылаушы рөлін атқарады. Үчаскеден шыққаннан кейін экранға автоматты басқаруға дайын екені қосылады. Машинист бақылаушы рөлін атқарады. Үчаскеден шыққаннан кейін экранға автоматты басқаруға дайын екені қосылады. Машинист бақылаушы рөлін атқарады. Үчаскеден шыққаннан кейін экранға автоматты басқаруға дайын екені қосылады. Машинист бақылаушы рөлін атқарады. Үчаскеден шыққаннан кейін экранға автоматты басқаруға дайын екені қосылады.

Ақтөбе депосының басым бөлігін жастар құрайды. 2024 жылы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС мен АЛТ Университеті арасында

енгізілгеннен кейін ғана локомотивтер жолға шығарылады. Сонымен қатар бүгінде Алматы локомотив пайдалану депосының базасында машинистерге арналған 3D оқыту жүйесі енгізілуде. Арнайы көздірік арқылы машинист өзін пойыз жүргізіп келе жатқандай сезінеді. Бұл техникалық сабақ кезінде үлкен жаңашылдық болып отыр, – дейді бас инженер.

Жақында Мемлекет басшысы мен «Қазақстан темір жолы» басшылығы АҚШ-та жаңа локомотивтер шығару туралы келісімге қол қойды. Астанада құрастырылып, өңірлерге таратылатын локомотивтердің техникалық сипаттамаларына байланысты жергілікті деполардан зауытқа ұсыныстар жолданып жатқан көрінеді. Қазір қолданыста жаңа локомотивтердің ТЭ33А және ТЭ33АС үлгілері бар. Болашақта депоға ТЭ33Ат локомотивтері келеді деп күтілуде.

Ақтөбе депосының басым бөлігін жастар құрайды. 2024 жылы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС мен АЛТ Университеті арасында



жасалған меморандум негізінде диплом алған 9 түлек Ақтөбе депосында жұмысқа орналасқан. Кәсіпорында еңбек мәдениетіне, тәртіпке және жұмыс сапасына ерекше мән беріледі. Әр таң сайын бөлім басшыларымен жиналыс өткізіліп, күндік жоспар мен есеп талқыланады.

– Басты мақсатымыз – пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, сапалы қызмет пен еңбек мәдениетін қалыптастыру, – дейді бас инженер. Еңбек жолын тепловоз машинисінің көмекшісімен бастап, инженер-технолог, нұсқаушы, аға кезекші сынды түрлі қызметтерде тәжірибе жинаған Бақытқали Жанесов 2024 жылдан бері бас инженер лауазымын атқарады.

Ақтөбе локомотив депосы – өндірістегі жаңашылдық пен тұрақты тәртіп үйлескен байырғы кәсіпорын. Мұнда тәжірибелі мамандар мен жас кадрлар қатар еңбек етіп, теміржол саласының болашағына сеніммен қарайды.

Суретті түсірген автор

## ӘЛЕУМЕТТІК АХУАЛ – ЕРЕКШЕ НАЗАРДА

Семей жол дистанциясында ерекше әлеуметтік іс-шара ұйымдастырылды. НЖС-6 бөлімшесінің басшысы Айдын Шәукежановтың тікелей ұйытқы болуымен «Отбасы және теміржол жұмысшыларының қауіпсіздігі» атты тақырыпта айрықша акция өткізілді.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Бұл күні ПЧ-39 мекемесінде еңбек ететін жолшылардың жұбайлары арнайы шақырылды. Дастархан басында еркін түрде өткізілген әңгіменің басты тақырыбы жолшылардың үйдегі көңіл күйі, әлеуметтік ахуалы туралы өрбиді.

Семей магистральдық желі бөлімшесінің бастығы Айдын Мақсұтбекұлы сөз алып, теміржол бойындағы әр қызметкердің жұмыстағы жетістіктері үйдегі қалыптасқан ахуалға тікелей байланысты екендігін әзілмен жеткізіп өтті.

Жалпы, қазіргі таңда дистанция бойынша теміржолшыларға барлық қолайлы жағдай жасалған. Ұлттық компания тарапынан



ерекше көңіл бөлінеді. Тек жанұяларындағы әлеуметтік жай-күйіне ғана назар аудару қажет. Бұл орайда теміржолшылардың жұбайларына да сөз берілді. Әйелдер қауымы ерлерінің түздегі қызметтеріне, әсіресе жалақылары мен мерекелер кезінде алатын сыйақы-

ларына ризашылықтарын білдірді. Сонымен қатар қызметтік киімдермен қамту шараларына да тоқталып, «Мектепке жол» сынды әлеуметтік акциялардың де берері мол екенін сөз етті. Мұнымен қоса, теміржолшылар серіктері бөлімше басшысына өтініш-тілектерін де жеткізуге

мүмкіндік алды.

– Біздің дистанция бойынша 202 жол монтері еңбек етеді. Жол бойындағы жұмыстардың негізгі салмағы да соларға түседі. Сондықтан олардың үйде де, түзде де жағдайы жасалуына мүдделіміз, – деп атап өткен дистанция басшысы, Құрметті теміржолшы Рахат Ботаспаев жолшылардың дені түрлі марапатқа ие екендігін жеткізді. Бұл орайда желі бойында ұзақ жылдардан бері жемісті еңбек етіп жүрген Тлеубаевтар, Кактеновтер, Мәнәбаевтар, Омаровтар, Тыштыбаевтар, Назарбековтер, Сикимбаевтар, Шурахметовтер, Шурабаевтар, Едиліповтар сынды бірқатар жолшылар отбасыларына «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры С.Рахметовтің алғыс хаты табыс етілді.

Іс-шараның негізгі ұйымдастырушысы НЖС-6 бойынша еңбекті қорғау бөлімінің жетекші инженері Жомарт Шапишевтің айтуынша, мұндай ашық әңгімелердің берері мол. Еңбеккерлердің әлеуметтік ахуалы ұдайы назарда ұсталатын болады.

Суретті түсірген автор



## Инфраструктура



### КОМПЛЕКСНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ

**На станции Балхаш-1, расположенной на участке от станции Саяк до станции Мойынты, завершен масштабный этап модернизации железнодорожной инфраструктуры. Здесь введена в постоянную эксплуатацию микропроцессорная система централизации стрелок и сигналов МПЦ-QZ – современный комплекс, объединяющий функции железнодорожной автоматики и телемеханики.**

**Айлин БАУРЖАН,**  
Балхаш

Запуск новой системы, состоявшийся 16 июля 2025 года, стал важным шагом в повышении технологической надежности и безопасности движения на стратегически значимом направлении сети КТЖ. В ходе проекта были проведены масштабные работы, затронувшие все основные элементы железнодорожного узла. Помимо внедрения автоматизированной системы управления, реализована капитальная модернизация путевого хозяйства, на-

правленная на повышение надежности, пропускной способности и долговечности инфраструктуры. Одним из ключевых решений стал переход на более тяжелый тип рельсов – вместо старогонных Р50 на станции Балхаш-1 уложены современные рельсы Р65. Эти изменения выполнены на приемоотправочных путях № 4, 6 и 7, что позволило значительно повысить устойчивость пути под тяжеловесными составами и снизить износ элементов верхнего строения. Существенным шагом стало и обновление стрелочных переводов. На станции уста-

новлены современные конструкции, полностью совместимые с микропроцессорной системой управления. Новые стрелочные переводы появились на позициях № 46, 125, 109, 110 и 111, а также выполнена модернизация существующих – № 49, 51, 40, 38, 9 и 15. Эти меры обеспечили не только повышение надежности, но и оптимизацию маневровой работы. Для точного соблюдения геометрии и корректной работы устройств автоматики произведена сдвигка стрелочного перевода № 134 на четыре метра. Это инженерное решение позволило оптимизировать траекторию движения составов и повысить плавность прохождения стрелочных участков. Система МПЦ-QZ, ставшая ядром технологического обновления, обеспечивает централизованное управление всей инфраструктурой станции. В ее зоне ответственности – 69 стрелочных переводов, 21 путь, оборудованный устройствами автоматической локомотивной сигнализации (АЛС), и 90 светофоров, из которых 25 – поездные и 65 – маневровые. Все устройства прошли комплекс испытаний и регулировку, по итогам которых признаны соответствующими требованиям Правил технической эксплуатации (ПТЭ) и инструкций по сигнализации и управлению движением. Модернизация станции Балхаш-1 – пример системного подхода к обновлению железнодорожной инфраструктуры в Казахстане. Внедрение микропроцессорной централизации и капитальное усиление путевого хозяйства обеспечивают новый стандарт работы стратегически важного узла, где технологии и инженерные решения напрямую способствуют повышению безопасности движения и устойчивому развитию транспортной системы страны.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## СТАБИЛЬНО ВЫСОКИЙ РЕЗУЛЬТАТ



**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Специалисты мостоотряда отличаются высоким уровнем профессионализма и богатым опытом выполнения сложных инженерных задач. О результативности предприятия свидетельствует и тот факт, что дополнительно, сверх плана, уже завершены работы на четырех объектах. В состав специализированного мостоотряда входят цеха ИССО из 17 дистанций пути, которые отвечают за текущий ремонт и обслуживание 4 180 сооружений в Семейском, Алматинском, Жамбылском и Шымкентском отделениях магистральной сети. Коллектив принял активное участие в подготовке к открытию вторых путей на участке Достык – Мойынты: были выполнены покрасочные, бетонные и штукатурные работы, приведены в порядок перила и лестничные спуски. Благодаря слаженной работе специалистов объекты приобрели обновленный и ухоженный вид, соответствующий современным требованиям безопасности и эстетики.

Сегодня мостовики ведут работы на 14 дистанциях пути – в Алматинском, Жамбылском, Шымкентском, Карагандинском и Семейском отделениях. На объектах задействованы винтовые компрессоры, пескоструйные и окрасочные аппараты, КамАЗы и самосвалы. Уже несколько лет подряд специалисты мостоотряда работают на мосту через реку Хоргос, где ведут очистку русла, гасителя воды и укрепительные работы. Основная цель – защита берегов и инженерных сооружений от размыва, обеспечение устойчивости железнодорожных путей и безопасности движения поездов. Большой объем работ выполнен на станции Берлик, где демонтированы шесть путей и шесть железобетонных мостов. Также коллектив занимался покраской мостов на станциях Жамбыл и Аягос. Мостоотряд выполняет широкий спектр задач – от ремонта и реконструкции существующих сооружений до укрепления береговых линий. Особое внимание уделяется долговечности объектов и соблюдению всех норм безопасности. Ежедневно специалисты обе-



спечивают надежность инженерных сооружений, ремонтируют мосты, водопропускные трубы и другие элементы инфраструктуры. Их труд имеет стратегическое значение – от него напрямую зависит бесперебойность движения поездов и стабильность всей железнодорожной сети. За годы деятельности мостоотряд заслужил репутацию дисциплинированного и профессионального коллектива. За все время работы не было допущено ни одного случая производственного травматизма – показатель строгого

соблюдения правил охраны труда и ответственного отношения к безопасности. Промышленному альпинизму обучено более 80 сотрудников. – Наша задача – не просто выполнять план, а обеспечить надежность и безопасность транспортной инфраструктуры, – подчеркнул директор предприятия Канат Карбозов. – Мы стремимся работать так, чтобы каждый объект служил людям долгие годы и стал примером качественного исполнения.

Фото автора

## 50 ТЫСЯЧ ПОЕЗДОВ ЧЕРЕЗ ХОРГОС



**Через Хоргос проследовало свыше 50 тысяч грузовых поездов в направлении Китай – Европа/Центральная Азия. Юбилейный состав отправился на минувшей неделе в Польшу.**

Грузовой поезд, ставший 50-тысячным с начала работы порта Хоргос, проследовал транзитом через Казахстан. В его составе – электронная продукция, механическое и электрическое оборудование, а также предметы первой необходимости. Количество грузовых поездов Китай – Европа/Центральная Азия, проходящих через Хоргос, продолжает расти. В среднем в сутки их количество превышает 27 составов, сообщает Globaltimes.cn. Напомним, первый грузовой

поезд в направлении Европы отправился из Хоргоса в марте 2016 года. Потребовалось 54 месяца, чтобы этот показатель достиг 10 000 поездов, 18 месяцев, чтобы достичь 20 000, менее 16 месяцев – 30 000, 14 месяцев – 40 000, и еще менее 13 месяцев, чтобы превысить 50 000. С начала года обработано более 1 500 поездов, что на 20% больше, чем в прошлом году, а общий объем грузоперевозок достиг четырех миллионов тонн, увеличившись на 18%. Растущие объемы потреби-

тельских товаров, электронных устройств и сельскохозяйственной продукции китайского производства перевозятся на рынки Центральной Азии и Европы через железнодорожный узел Синьцзян. В мае таможня Хоргоса запустила инициативу по реформированию под названием «Умный железнодорожный порт + местное быстрое таможенное оформление», которая значительно повысила эффективность таможенного оформления. Время оформления импортных товаров

сократилось с двух-трех дней до 16 часов, то есть примерно на 70%. Согласно официальным данным, время обработки местных экспортных товаров сократилось с шести до одного часа, или на 80%. – Мы предоставляем крупносерийные услуги по таможенному оформлению и открыли специальное окно обслуживания для грузовых поездов Китай – Европа, – рассказал заместитель начальника третьего отдела надзора таможни Хоргоса Чжан Кун. – Опираясь на потребности грузоотправителей, мы создали приоритетный зеленый канал сортировки и быстрого выпуска грузов, а также упростили процедуры, охватывающие таможенное декларирование, досмотр, перевалку и выпуск грузов, чтобы постоянно повышать эффективность работы грузовых поездов.

Любовь РОВЕБА

## УРОЖАЙ НАБИРАЕТ ХОД

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай



**Из Костанайского региона отправлено свыше 470 тысяч тонн зерна нового урожая.**



В регионе активно продолжается отгрузка зерна нового урожая. Железнодорожники Костанайского отделения грузовых перевозок успешно справляются с возросшими объемами работ, обеспечивая бесперебойную логистику поставок как по Казахстану, так и за его пределы. По данным начальника отдела логистики филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Кенеса Дюсекеева, за сентябрь и первые десять дней октября по отделению погружено 6 876 вагонов зерна нового урожая. Из этого объема 1 590 вагонов (108,3 тысячи тонн) направлены на внутренние перевозки, а 5 286 вагонов (364 тысячи тонн) – на экспорт. В том числе в страны Центральной Азии отправлено 3 358 вагонов (232,6 тысячи тонн), в Китайскую Народную Республику – 183 вагона (11,8 тысячи тонн). Всего за данный период сформировано 32 отправительских зерновых маршрута. Из них три маршрута направлены по Казахстану, восемь – в порт Актау, три – в Китай, 18 – в страны Центральной Азии и один – в направлении Российской Федерации. Активно отгружаются и продукты перемолотой муки нового урожая. За сентябрь и десять дней октября погружен 2 471 вагон (165 тысяч тонн), из которых 423 вагона (27,7 тысячи тонн) направлены внутри страны, а 2 048 вагонов (137,3 тысячи тонн) – на экспорт. Основные объемы пришлось на страны Центральной Азии – 1 946 вагонов (128,9 тысячи тонн) и Китай – 101 вагон (6,5 тысячи тонн). Отгрузка зерна нового урожая ведется также в контейнерах. Погружено 285 фитинговых платформ (17,7 тысячи тонн зерна), из которых сформировано девять организованных маршрутов. Кроме того, на экспорт отправлено 2 432 фитинговые платформы с комбикормами (150,6 тысячи тонн), по которым сформировано 77 маршрутов.

Фото автора

## ВАЖНЫЙ РАЗГОВОР

**Милена КАИРОВА,**  
Жетысу



**На станции Жетысу проведен совместный профилактический рейд, организованный железнодорожниками и сотрудниками транспортной полиции города Конаева.**

Цель мероприятия – повышение уровня безопасности в зоне железной дороги и предупреждение правонарушений. В ходе рейда специалисты напомнили жителям о правилах поведения вблизи железнодорожных путей и недопустимости пересечения путей в неустановленных местах. Были обследованы участки с повышенным риском происшествий, где ранее фиксировались экстренные торможения и наезды на пешеходов. Особое внимание уделено территориям, примыкающим к частным домам.



Уже в первые минуты рейда сотрудники выявили несколько нарушителей – молодых людей, пожилого мужчину и велосипедиста. Всем им разъяснили правила безопасности и вручили памятки о нахождении в зоне повышенной опасности. Работа продолжилась в школе № 7 Илийского района. Железнодорожники и полицейские рассказали учащимся о рисках, связанных с нарушением правил, и напомнили об основных требованиях: запрете перехода путей в неустановленных местах, правилах пересечения переездов и недопустимости игр вблизи железной дороги. – Подобные мероприятия проводятся на регулярной основе и являются частью масштабной кампании по снижению уровня травматизма на объектах железнодорожного транспорта, – отметил заместитель начальника станции Жетысу по оперативной работе Кайрат Каутанов. Работа по повышению культуры безопасности будет продолжена в течение учебного года.

Фото автора

## Объявление

Вокзальный комплекс «Нұрлы жол» филиала акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» – «Ақмолинское отделение магистральной сети» сообщает, что 27 октября 2025 года будет проведен конкурс по передаче в аренду парковочной зоны железнодорожного вокзального комплекса «Нұрлы жол» для единого оператора. Подробная информация размещена на сайте акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» www.railways.kz в подразделе «Порядок сдачи в имущественный найм (аренду) помещений и площадей на железнодорожных вокзалах» раздела «Инфраструктура».

По всем вопросам обращаться по телефонам: 8 (7172) 61-44-40, 61-44-44, 8 (775) 972-75-13.



№86 (3125) 17/10/2025

ЖҰМЫСШЫ  
МАМАНДЫҚТАР  
ЖЫЛЫ

## АДАЛ ЕҢБЕК ӨТЕУІ

Маңғыстау локомотив пайдалану депосының ұжымы еселі еңбегімен сый-құрметке ие болған екі бірдей әріптестерін зейнеткерлік демалысқа шығарып салды.



Қандай мекемеде болса да жеті өлшеп, бір кесегін, кіріс пен шығысын бағамдап, сауатты есеп-қисап жүргізетін маманның орны бөлек. Дөпөның бас есепшісі Құралай Чуконова осы талап үдесінен шыға білген мықты маман ретінде танылғалы талай жыл. Темір жолдағы кейінгі жиырма жылға жуық еңбек жолында тек қана осы депоның мүддесі үшін қызмет еткен оның қиын-қыстау кезеңде тығырықтан шығатын жол таба білетін қасиетін басшылық әлдеқашан мойындаған.

– Құралай Көшкінбайқызының салаға сіңірген еңбегі мен өз ортасындағы беделі зор. Темір жолдағы еңбек жолын Маңғыстау электрмен жабдықтау дистанциясында экономист болып бастаған. Біздің депоға 2007 жылы салық жөніндегі есепші болып келген еді. Кейін жоспарлау-экономика бөлімінің бастығы, бас есепші қызметтерін атқарды. Өзін мықты ұйымдастырушы, іскер де білімді маман ретінде көрсете білді. 2018 жылы «Үздік маман» атанды. Мұндай

мықты маманмен қоштасудың өзі қиын, десек те талай жылғы қызметі үшін айтарымыз тек қана алғыс, дені сау болып, енді еңбегінің жемісін жесін! – дейді Маңғыстау локомотив депосы кәсіподағының төрағасы Әбілсейт Набиханов.

Депо ұжымы сонымен қатар жуырда Бейнеу айналым депосында еңбек еткен тағы бір мықты маманды зейнетке жіберді. Бейнеу депосына талай жыл маңдай терін төккен депо кезекшісі Нағидулла Туленовке қазақи дәстүр бойынша иығына шапан жауып, жоғары басылықтың арнайы алғысын табыстап, үлкен құрметпен демалысқа шығарып салды. Бейнеу айналым депосында көмекші машинист, тепловоз машинисі болып талай жыл тер төккен ол соңғы онжылдықта жедел техникалық есептеу бөлімінде оператор, таспа талдаушы инженер, депо кезекшісінің көмекшісі, депо кезекшісі міндеттерін атқарған.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау Суретті түсірген автор

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР КӘСІПОДАҒЫНА

120 ЖЫЛ  
БІРЛІКТЕ – КҮШ, ТАРИХТА – МАҚТАНЫШ

Карагандинский филиал ОО «Казпрофтранс» организовал для ветеранов железнодорожной отрасли Карагандинского региона встречу, посвященную Дню профсоюзного и 120-летию профсоюзного движения железнодорожников Казахстана.

В ходе мероприятия ветеранам были вручены памятные медали профсоюза «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су қызметкерлерінің кәсіби одағына 120 жыл». Торжество прошло в теплой, душевной атмосфере, в кругу единомышленников, для которых труд и солидарность остаются важнейшими жизненными ценностями. Звучали слова благодарности, воспоминания о трудных, но вдохновляющих годах становления профсоюзного движения, о людях, которые своим примером формировали веру в справедливость и уважение к человеку труда.

Председатель Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс» Яхия Альмусин поблагодарил ветеранов за многолетнюю работу,

пожелал им здоровья, жизненной энергии и вдохновения.

– Спасибо вам за мудрость и уроки, которые вы оставили нам – не только в документах, но и в живом примере, вдохновляющем сегодня, – подчеркнули профсоюзные лидеры.

Почетными гостями встречи стали ветераны профсоюзного движения: Дулат Сериков, возглавлявший филиал с 1984 по 2015 год, Зайда Серикова, Елена Коновалова, председатель регионального совета ветеранов Марьяш Кумекова, Галина Домрина, Владимир Орлов и член Исполкома филиала Николай Шедогутов.

После торжественной части мероприятие продолжилось в формате брифинга. В нем



## ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

Атыраулық теміржолшылар Кәсіподақтар күні аясында теміржолшылар кәсіподағы қозғалысының 120 жылдығын атап өтті.

Атырау магистральдық желі және жүк тасымалы бөлімшелерінің басылылары А.Қосымбаев пен А.Базарғалиев кәсіподақ бастауыш ұйымы өкілдерін атаулы күнмен құттықтап, жұмысшы мүддесіне қызмет ете беруге тілектестік білдірді. Іс-шара барысында өңірдегі ең

белсенді деген кәсіподақ мүшелері мен кәсіподақтың дамуына үлес қосқан ардагерлерге «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты, «Теміржолшылар кәсіподағына-120 жыл» мерейтойлық медалі табысталды.

– Ғасырдан астам уақыт бұрын



кәсіподақ қозғалысының қайнар бастауында болғандардың алғашқы

қарлығашы біздің теміржолшылар болыпты. Оның үстіне биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп аталып отыр, соған орай еңбегі еленіп жатқан барша әріптесерімізді құттықтаймыз. Саланы дамыту жолында табан ақы, маңдай термен еңбектеніп жатқан, кәсіподақ мүшесі болып табылатын әр теміржолшы құрметке лайық, – дейді сала ардагері Нұрғали Есенов ақсақал.

Қосыйым МҰҚАШЕВ, Атырау Суретті түсірген автор

## 100 ТЕМІРЖОЛШЫ ДОНОР БОЛДЫ

ҚТЖ-да осы аптаның сейсенбісінде Донор күні ұйымдастырылды. Астанадағы қан орталығынан келген медицина мамандарына компанияның 100 қызметкері қан тапсырып, игілікті істің жоғары деңгейде өтуіне атсалысты.

Донор күнін ҚТЖ-да ұйымдастырушылардың бірі, компанияның Адами ресурстарды басқару департаментінің бас менеджері Венера Гиметдинованың айтуынша, бұл іс-шара биылдыққа осымен үшінші рет өткізілуде.

– Танертеңгі сағат 10.00-ден 13.00-ге ұйымдастырылған донор күніне теміржолшылар жеңіл-желпі таңғы ас ішіп келеді, қан тапсырар алдында майлы тамақ жеуге болмайды. Жалпы тоқсанына бір рет ұйымдастырамыз. Жыл соңына дейін тағы бір рет өткізу жоспарда бар. Орташа есеппен әр жолы жүз адамдай донор болады. Кейде 130 адамға дейін өтініш білдіргенмен, біразы денсаулығына байланысты қан тапсыруға жарамай қалады. Теміржолшылар арасында бірнеше жыл, тіпті 10-15 жылдан бері тұрақты қан тапсыратындар бар. Олардың бері салауатты өмір салтын ұстанатын, денсаулығы жақсы, донор ретінде тіркеуде тұрғандар, тұрақты донорлар бұл іс-шарадан ешқашан қалыс қалмайды, – дейді ол.

Қан тапсырған қызметкерлерге бір күн демалыс беріледі, олар оны қалауынша, бір жыл ішінде пайдалануға құқылы. Қан тапсырған күні демалыс алмаған жағдайда екі күндік демалыс алуға болады. Сонымен қатар қан тапсырар алдында



олар арнайы сауалнама толтырып, денсаулық жағдайы туралы 32 сұраққа жауап береді. – Мен төрт жылдан бері донормын. Откенде жекеме хат келіп, менің қаным кішкентай балаға құйылғанын біліп қуанып қалдым. Сенің қаның бір адамның өмірін сақтауға сеп болса, ал ол жас сәби болса, қалай қуанбасқа?! Сондықтан мұндай іс-шарадан ешқашан тыс қалмаймын. Өзім салауатты өмір салтын ұстанып, жүгірумен айналысамын, – дейді донор-теміржолшы Әйгерім Битабарова.

Райхан РАХМЕТОВА

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## ПРАЗДНИК СПЛОЧЕННОСТИ



В Павлодаре прошел тимбилдинг в честь 120-летия профсоюзного движения железнодорожников Казахстана.

Мероприятие прошло в дружелюбной, позитивной атмосфере и собрало около ста работников железнодорожных предприятий региона. Программа была насыщенной и продуманной: креативные конкурсы, спортивные эстафеты и командные игры помогли участникам проявить смекалку, укрепить сплоченность и зарядиться отличным настроением.

В торжественной части приняли участие советник председателя ОО «Казпрофтранс» Бакытжан Куанышев и председатель Павлодарского филиала профсоюза Рафаил Сабаров. Они вручили юбилейные медали «Қазақстандық

салалық теміржол, автомобиль, әуе және су қызметкерлерінің кәсіби одағына 120 жыл», а также почетные грамоты и благодарственные письма активным членам профсоюза.

– Благодаря вашим стараниям мы получили море позитива и зарядились энергией! Организаторы умело создали приятную и непринужденную атмосферу. Это был настоящий праздник дружбы и единства, – поделились впечатлениями работники Ерейментауской и Павлодарской дистанций пути.

Айлин БАУРЖАН, Павлодар Фото автора

## ЗЕЛЕНЬЙ ВКЛАД ЛОГИСТОВ



Сотрудники KTZ Express и филиалов компании по всей стране приняли активное участие в республиканской экологической акции «Таза Қазақстан», направленной на озеленение территорий и формирование культуры бережного отношения к окружающей среде.

В рамках акции коллектив KTZ Express высадил 1 320 деревьев в городах Астане, Алматы, Актобе, Костане, Актау, Павлодаре, Кокшетау, Туркестане, Арысе, Жаркенте, на станции Достык, а также на

территории Сухого порта KTZE-Khorgos Gateway в Алматинской области.

Участие компании в акции стало выражением поддержки инициатив Президента Республики Казахстан

## И КРАСИВО, И ПОЛЕЗНО

Больше 3,3 тысячи саженцев деревьев высадили работники Семейского отделения магистральной сети в рамках республиканской экологической акции «Таза Қазақстан».



Для предотвращения образования снежных заносов железнодорожного пути на перегоне пост А – Жалпак, Аязоз – Ақтоғай, в парке станции Жарма, на территории Третьего разезда были посажены деревья. – Кроме того, мы провели озеленение вокруг административных

зданий, табельных, модульных зданий, материальной базы, – сказала ведущий инженер-эколог сектора службы безопасности и

## ЖАМБЫЛДА ЖАЛҒАСТЫ

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында ҚТЖ ауқымды көшет отырғызу экологиялық акциясын бастағаны белгілі. Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі игі бастаманы жалғастырып, сенбілік өткізді.

Жамбыл вагон пайдалану депосының Тараз қаласындағы вагондарға техникалық қызмет көрсету пункті аумағында өткізілген экологиялық акцияға Жамбыл бөлімшесіне қарасты барлық мекемелерден 80-нен астам жұмысшы-қызметкер қатысты. Филиал директоры Айдын Сеитбенбетов бастаған сала мамандары тал көшеттерін отырғызып, компаниядан бастау алған экочелленджді көршілес

Шымкент бөлімшесіне жолдады.

– Барлық құрылымдық бөлімшелерге тал көшеттері таратылып берілді. Бүгін жалпы 2567 түп тал егілді. Тал-дарақ экологияны жақсартып, топырақты тоздан қорғайды. Жауын-шашын кездерінде сор топырақты жерлерде су тасқыны, қар көшкіні жүру қаупі басымрақ, – дейді бөлімше бастығы. «Таза Қазақстан» экологиялық



акциясы шеңберіндегі тазалық және тал егу жұмыстары алдағы уақытта Жамбыл бөлімшесінің құрылымдарында жалғасатын болады.

Ардақ УСЕЙІНОВА, Жамбыл Суретті түсірген автор

ҚАЗАҚСТАН  
ТЕМІР  
ЖОЛЫ

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор  
Дина Муздубаева  
Бас редактордың орынбасары  
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87,  
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415  
Газет сейсенбі,  
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы  
Ерболат Тілеубергенов,  
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:  
Л. Ровба, Р. Рахметова

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,  
автомобиль, әуе және су көлігі  
қызметкерлерінің кәсіби одағы»  
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»  
газетінде жарияланған  
материалдарды  
көшіріп немесе өзбас басы үшін  
редакцияның жазбаша рұқсаты  
алынп, газетке сілтеме жасалуы  
міндетті.  
Редакция авторлар мақаласы мен  
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
Ақтобе: Ардақ Ерубаев 8-702-843-27-97  
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17  
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20  
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092  
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76  
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:

Астана, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтобе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және  
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық  
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың  
30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.